

«Алақай» бөбекжай - бақшасы МКҚК

**2022-2023 оқу жылына арналған
Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.
«Алақай» ересек тобы**

Тәрбиеші: М.Омарова

Аманкөл ауылы

БЕКІТІЛДІ

Педагогикалық кеңес

« 31 » ж

№ 1

«Алақай» балалар бақшасының
менгерушісі Арықбаева

« 31 » ж

Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата – ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек айы 1.Ата – аналарды 2022– 2023 оқу-жылының жоспары мен таныстыру. «Көнеки танысайық» 2. Ата – аналар комитетін сайлау.	Ата – аналар жиналысы. 1. Жаңа оқу жылы басталды. Балалардың кун тәртібі, тазалығы. Келісім шарт толықтыру. 3. Баяндама: «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы » 4.Кеңес: «Ата- аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес»	Тәрбиеші: М.Омарова Медбике: А.Суханова Тәрбиеші: Г.Жайманова Психолог: Г.Күмісбаева
2	Қазан айы 1. Ашық есік күнін ұйымдастыру. «Армысың Алтын күз» 2. "Күз – жомарт" көрме	Берекелі Алтын күз мерекесіне көрме ұйымдастыру. Ата- аналармен бірлескен жұмыс « Күз сыйы» Кеңес « Балалар арасындағы қызғаныш»	Топ тәрбиешісі: Ж.Тұрымбетова Тәрбиешілер
3	Қараша айы 1. 1. 2021-2022 оқу жылының есебі 2 Баяндама 3. Тренинг «Жүрек жылуы» 4 Сауалнама Ата-ана балабақшаға келгенше не үйретеді?	Есеп беру «Баланың денсаулығын нығайту»	Топ тәрбиешісі: М.Омарова Психолог: Г.Күмісбаева
4	Желтоқсан айы 1. 1. Баяндама оқыды 2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс- шараларымен таныстыру. 3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.	Ата-аналар жиналысы. 1. Баяндама: «Егер бала тұйық болса »	Тәрбиеші: Г.Жайманова Топ тәрбиешілері

5	Қаңтар айы 1. Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы 2. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.	« Менің отбасымдағы бақытым» фото буклет. Сауалнама жүргізу	Топ тәрбиешісі:
6	Ақпан айы 1. « Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі » 2. «Тәрбие отбасынан басталады » Компьютерлік ойында ойнауды бала күніне 20 минуттан асырмауы тиіс	1.Ата-аналармен дөңгелек үстел 2.Әңгіме: « Ата-ана үлгісі үлкен сабақ» 3.Кеңес: « Көзі нашар көретін балалар туралы ата – аналарға кеңес	Топ тәрбиешісі: Ж.Тұрымбетова Психолог: Г.Күмісбаева
7	Наурыз 1.Ертеңгілік іс-шаралармен таныстыру 2. Тренинг «Тәрбие – отбасынан басталады» 3. Баяндама «Отбасындағы ата-ана рөлі» 4. Баяндама«Дәрумендер біздің досымыз»	Ата-аналар жиналысы. 1.Көктем мерекелерімен құттықтау. 2.Тренинг Баяндама 4.Баяндама	Менгеруші: Р.Арықбаева Психолог Г.Күмісбаева Топ тәрбиешілері Медбике: А.Суханова
8	Сәуір 1. Табиғатты аялайық. 2. Табиғат бұрышындағы әдемі гүлдер.	Ата –аналармен бірлескен жұмыстар. Сайыс (қол өнері) « Гүл отырғызайық » Сауалнама жүргізу	Тәрбиешілер: Жайманова Г Байұзаққызы А Омарова М Ата – аналар.
9	Мамыр айы 1. II- жарты жылдық қортындысы. 2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды. 3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық.	Ата-аналар жиналысы. 1.Мамыр мерекелерімен құттықтау 2. Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беріп жылды қорытындылау. 3.Баяндама « Балабақша –біздің үй» Ата-аналар комитетінің есебі.	Тәрбиешісі: Байұзаққызы А Тұрымбетова Ж Ата-аналар

«Алақай» бөбекжай - бақшасы

«Жұлдыз» тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №1

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны: 5

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша тәрбиешісі сөз алды. Тәрбиеші М.Омарова топтағы ата-аналарды бір-бірімен саңымен қатар топ тәрбиешілері мен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызыметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Г.Жайманова «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы» баяндама оқыды.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.


Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Елеусіз Ақбота деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Елеусіз Ақбота Елеусізқызы болсын.

Төрайымы: *Л.Ж.*

Хатшы: *Ж.*



«Алақай» бөбекжай – бакшасының
менгерушісі А.Р Танжанкызына
тәрбиеші Ж.Тұрымбетовадан

ХАБАРЛАМА

Өткізілу уақыты: 12.10.2022 жыл

Тәрбиеші: Тұрымбетова Ж

«Алақай» бөбекжай-бакшасында 2022 жылының 12 қазан күні «Армысың Алтын күз» атты мерекелік ертеңгілік өтті.

Мақсаты: Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты дамыту. Балалардың эртістік қабілетін, досшылығын, өзгешеліктерін дамыту.

Көрнекіліктер: Күзгі табиғат құбылыстарының суреттері, жапырақтар, қолшатырлар.

Жұлдыз тобының бүлдіршіндерінің қатысуымен «Армысың Алтын күз» ертеңгілігі өткізілді. Тәрбиеші өлең шумағымен балаларды ортаға шақырды. Балалар «қолшатыр», «грибочки» биін билеп ән айтып, күз туралы тақпақтарын жатқа айтты. Ортаға Күз Ханшайымы келіп ата-аналарды, балаларды, қызметкерлерді құттықтап балалардың өнерін тамашалады. Күз мерекесін тойлауға Кірпі және Бұлт келіп балалармен көңілді қыймылды ойындар ойнатылды. Сонымен қатар Балабақшада «Күз жомарт» атты көрме өткізілді. Көрмеге ата-аналарымыздың балаларымен бірлесіп дән-дақылдардан, жапырақтардан жасалған бұйымдары қойылды. Балаларымыз мерекеге сай киіндірілді.

Жүргізуші ертеңгілікті қортындылап, ата-аналарға құттықтау сөз беріп, естелік суретке түсті.



**«Алақай» бөбекжай бақшасы
«Жұлдыз» тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.**

Хаттамасы №3

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 10

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2021-2022 оқу жылының есебі
2. Баяндама «Баланың денсаулығын нығайту»
3. Тренинг «Жүрек жылуы»
4. Сауалнама Ата-ана балабақшаға келгенше не үйретеді?

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Омарова М есебін оқыды. Ата-аналар тыңдал ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша Тренинг «Жүрек жылуы» Психолог: Г.Күмісбаева
Үшінші мәселе бойынша Медбике: А.Суханова Баяндама «Баланың денсаулығын нығайту».

Төртінші мәселе бойынша Сауалнама Ата-ана балабақшаға келгенше не үйретеді? Тәрбиеші: Ж.Тұрымбетова

Қаулы:

1. 2021-2022 оқу жылының есебі айтты
2. Баяндама «Баланың денсаулығын нығайту»
3. Тренинг «Жүрек жылуы»
4. Сауалнама Ата-ана балабақшаға келгенше не үйретеді? жүктелсін

Төрайымы: Ж.Тұрымбетова
Хатшы: С.Баймаққызы



**«Алақай» бәбеюкай - бақшасы
«Жұлдыз» тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.**

Хаттамасы №4

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 9

Күн тәртібіндегі мәселелер:

2. Баяндама оқыды
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Г.Жайманова баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Омарова М балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиеші Байұзаққызы А жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Баяндаманы Жайманова оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
3. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
4. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы: *Т.А. Байұзаққызы* Төрайымы Бетова Ж
Хатшы: *Б.А. Байұзаққызы* Хатшы Байұзаққызы А



Ата-аналар жиналысының хаттамасы

19.01.2023 ж

Аманкөл ауылы

Хаттама №5

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Баяндама «Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы»
2. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша психолог А.Байұзаққызы «Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы» тақырыбында баяндама оқып, буклеттер ұсынды. Бүгінгі тәрбие беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар еңбек тәрбиесіне жанаша қарауды талап етіп отыр. Балаларға адамгершілік салаларды қалыптастыруды отбасы шешуші рөл атқарады. Сол себепті әр ата-ана өз баласымен тығыз байланыс орнату қажет. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша «Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады» мәселелер бойынша сұрақтар қойылып ата-аналардан сауалнама алынды.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана Гүлім

Баяндама жақсы, түсінікті болды. Балабақшамен әрқашан тығыз байланыста болуға тырысамыз.

Шешім:

1. Бала тәрбиесінің қадағалау жұмыстары күшейтілсін.
2. балалардың қатысым, тәртібін, тазалығын қадағалап отыру тәрбиешілер мен ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Ж. Сурымбетова

А. Байұзаққызы

«Алақай» МКҚК бөбекжай-бақшасы

***Тақырыбы: «Тәрбиенің ең тамаша
мектебі-отбасы»
(баяндама)***

***Дайындаған: тәрбиеші
М.Омарова***

2022-2023 жыл

Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін.

В. А. Сухомлинский

Тақырыбы: «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы».

Максаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балабақша өмірімен таныстыру. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

Көрнекілігі:

Қатысушылар: балабақша ата-аналары.

Әдіс-тәсілі: пікірлесу, сұрақ-жауап, жедел тест.

Жоспар:

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері «Достық» тренингі.

Баяндама: «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы»

«Мен қандаймын» тренинг ойыны.

Ата-аналарға арналған тест және сұрақ.

Ұсақ қол моторикасы.

Топ бойынша қаралатын ішкі мәселелер.

Ата-аналар комитеті мен мүшелерін тағайындау.

Қорытындылау.

Жиынтық барысы.

«Отан отбасынан басталады» демекші ата - аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата - аналар мен ұстаздар боп атсалысқанда, алар асуымыздың биік болары сөзсіз.

- Сәлеметсіздер ме құрметті ата – аналар? Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз! Отбасы - өмірді кемеліне келтіретін, бақыт әкелетін қасиетті мекен. Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамның ең басты шаттығы болып саналатын, баланың өсіп, өмір сүретін орны. Ал бала тәрбиесі отбасынан басталады, қалыптасады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші жақсы – жаман әдеттерді бала отбасында үйренеді. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ешқашан естен шығармайық!

Шаттық шеңбері.

«Достық» тренингі

Максаты: тәрбиешілер мен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту.

Ұжымдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіру.

Шарты: Ата-аналар орты шығып шеңбер болып дөңгеленіп тұрайық. Мына лентаны мен ұстап: аты-жөнімізді, мамандығымызды, бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдіреміз. Мысалы: Менің атым: Күмісбаева Г. Жанар Жұматайқызы. Мен «Алақай» бөбекжай- бақшасында психолог болып жұмыс жасаймын. Мен сізге әркез достықты болайық дегім келеді- деп лентаны қолымызға ұстап келесі ата-анамызға жалғаймыз. Жалғай-жалғай келе үлкен достық шеңбері шығады. Міне осындай үлкен достықта, лентадай берік, ажырамастай, тату, бірлікте болайық.

Баяндама: «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы»

Ата-аналар комитетін және мүшелерін тағайындайық.

Енді «Мен қандаймын» тренингіне кезек берейік.

«Мен қандаймын?» тренинг ойыны

Максаты: әр адам өзін жеке тұлға ретінде сезіну. Өзінің жанұясында өзін қай деңгейде ұстайтыны екенін анықтау.

Шарты: Ата-аналар гүл, үй, күн тобы болып 3 топқа бөлінеді. Әрқайсыңыз сол суретін ішіне отбасы мүшелерін және өзіңіздің есімдеріңізді жазасыздар.

Нәтижесі: Егер өзіңіздің есімдеріңізді басына жазсаңыз. Сіз өзіңізді отбасы мүшелерінен биік санайсыз. Өзіңіздің жағдайын бірінші ретке қоясыз. Ал, егер өзіңіздің есіміңізді ортасына қойсаңыз, онда сіз отбасыңыздың ортасындасыз. Екі жакты бірге ойлайсыз. Егер есіміңізді соңына жазсаңыз. Онда сіз бауырмал жансыз. Ата-ана, бауырларыңыз бірінші ретте тұрады. Өзіңізді соңынан ойлайды екенсіз.

Енді ата-аналар сіздерге арналған тест және сұрақтарымыз бар. Жауап берулеріңіз сұралады.

Ата-аналарға арналған тест және сұрақтар

1. Өскенде балаңыз кім болғысы келеді?

- А) Дәрігер
- Ә) Әнші
- Б) Елбасы
- В) Сарбаз

2. Балабақшадағы тәрбиешілерінің есімдерін білесіз бе?

3. Балаңыз отбасында «кімнің баласы?»

- А) Атасы мен әжесінің
- Ә) Әжесінің
- Б) Анасының
- В) Бәрінің

4. Балаңызды қалай еркелетесіз?

5. Балаңыз неден қорқады?

- А) Қараңғыдан
- Ә) Иттен
- Б) Жалғыз калудан
- В) Қорықпайды

6. Бала, отбасы, ата - ана тақырыбында бірнеше мақал айтып берсеңіз?

7. Балаңыз күнделікті ұйқыға кетерде нені қалайды?

- А) Ертегі
- Ә) Әлди әнін
- Б) Аркасын сипалағанды
- В) Ойыншығын құшақтағанды

8. Балаңызбен соңғы рет бірге жаттаған тақпағыңызды айтып беріңізші?

9. Балаңыз қандай өнерге бейім?

- А) Өнге
- Ә) Биге
- Б) Сурет салуға
- В) Мүсіндеуге

10. Балаңыздың топта бірге ойнайтын жақын достарын атап бере аласыз ба?

11. Балаңыз кімді идеал тұтады?

- А) Әжесін
- Ә) Елбасын
- Б) Тәрбиешісін

В) Мультфильм кейіпкерін

12. Балаңыздың бойындағы қандай мінезіне көңіліңіз толады және қандай мінезінің өзгергенін қалар едіңіз?

Ұсақ қол моторикасы

Шарты: Жануарлардың жемтігін табу.

Қорытындылау.

Бүгінгі бас қосуымыз аяқталып келеді. Балаларымыз аман болсын. Еліміздің үлгілі азамат пен азаматшасы болсын! Келіп, көріп, қатынаскандарыңыз үшін көп-көп рахмет.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

8.02.2022 ж

Аманкөл ауылы

Хаттама №6

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Баяндама «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»
2. Тәрбие отбасынан басталады

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша психолог Ж.Тұрымбетова «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Бүгінгі тәрбие беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар еңбек тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Балаларға адамгершілік салаларды қалыптастыруды отбасы шешуші рөл атқарады. Сол себепті әр ата-ана өз баласымен тығыз байланыс орнату қажет. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша «Тәрбие отбасынан басталады» баяндама мәселелер бойынша сұрақтар қойып пікірлесті.

Сөз сөйлегендер:

Ата-ана Алмагүл

Баяндама жақсы, түсінікті болды. Балабақшамен әрқашан тығыз байланыста болуға тырысамыз.

Ата-ана Нұрилла

Баламыздың тәрбиелі білімді болғаны барлық ата-ана үшін маңызды деп ойлаймын. Сонымен қатар өткізілген шараларға да мүмкіндігінше қатысуға тырысамыз.

Шешім:

1. Бала тәрбиесінің қадағалау жұмыстары күшейтілсін.
2. балалардың қатысым, тәртібін, тазалығын қадағалап отыру тәрбиешілер мен ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



Тұрымбетова
Байзаққызы

«Алақай» МКҚК бөбекжай-бақшасы

***Тақырыбы: «Балабақша және отбасы
ынтымақтастығы»
(баяндама)***

***Дайындаған: тәрбиеші
М.Жайманова***

2022-2023 жыл

Тақырыбы: Балабақша және отбасы ынтымақтастығы

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деп талай ғасыр бұрын Платон бекер айтпаса керек. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала - әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деп талай ғасыр бұрын Платон бекер айтпаса керек. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала - әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

«Алақай» МКҚК бөбекжай-бақшасы

***Тақырыбы: «Баланың денсаулығын нығайту»
(баяндама)***

***Дайындаған: тәрбиеші
М.Омарова***

2022-2023 жыл

Мақсаты: Балалар денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған іс – шараларды жүзеге асыру. Салауатты өмір салты туралы біліммен дағдыны қалыптастыру. Алған білімдерін күнделікті пайдалана білуге үйрету.

Қазіргі кездегі әлемізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бұлдыршындар тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі.

Тәрбие мен білімнің алғашқы деңгейі – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата – ананың ықпалы мен мейіріммен нәр алған бала бақылауда тәрбиешілердің шұғылалы шұағына бөлінеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді анық, олардың өңгесін де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызды қор. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл – ойы айбын, өз – өзіне сенімді, жақ – жағына қуанышымен паттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қонағалы дене құрымының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Балабақшада оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сәй жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және психологиялық қызметкерлердің бірлескен істемесі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын-алуға тек қана баланың қиын белсенділіктерін көтеру ғана аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін белсенді дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн.

Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған ғана ұтымыз болады.

Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:

- Тыныс алу жаттығулары
- Жалпақтабаңдылықтың алдын-алу жаттығулары
- Сымбатты түзету жаттығулары
- Созылу(стретчинг) жаттығулары
- Йога жаттығулары
- Көзге арналған жаттығулар

Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді. Сонымен қатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал-жабдықтарды қолданған жөн. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, табеті жақын, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды.

Себебі ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады. Жүрек ырғақты жұмыс жасайды, жиырылуы-босауы, тыныс алу, дем алумен-дем шығару кезектеседі, асқазандағы аса белгілі уақытта қортылып отырады. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіруі ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын- алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Бұлдыршындардың денесін шынықтыруға көп көңіл бөлінеді. Барлық топтарда оқу іс – әрекеттерінде және одан тыс кезде тәрбиешілеріміз балалардың қиын белсенділігін арттырып отырады. Ауа, су, күн-шұғыл қабылдау ықпал кәім, ертеңгілік жаттығу, ауладағы дене шынықтыру, серуендер шаралары бәрі де баланың шынығып шымыр болуына ықпалын тигізеді.

Балабақшамыздың медбикесі Ақмошақ Суханова балалардың денесінің өсіп жетілуін қадағалап, әр түрлі жақпалы аурулардың алдын – алу шараларын өткізеді.

Педагогикалық денсаулық сақтау технологияларын қолдану:

Денсаулықтарын сақтау және ынталандыру

Стретчинг (созылу)

Тамақтан соң 30 минуттан кейін жолдетілген топта немесе спорт пен музыка залында ортанғы топтан бастап, аптасына екі рет 25-30 мин

Сымбаттары бұзылған және жалпақтабаңдылықтың алдын-алуға ұсынылады. Бұлшық еттерге жүктеменің үлесі төң болуы керек.

Ырғақты - қотғалыс

Тамақтан соң 30 минуттан кейін жолдетілген топта немесе спорт пен музыка залында ортанғы топтан бастап, аптасына екі рет 25-30 мин.

Жүктеменің көлемі және өлшемі баланың жас ерекшелігіне қарай бөлу. Көрік қиындыққа назар аудару

Динамикалық үйдіс

Сабақта балалардың шаршауларына қарай, 2-5 мин.

Шаршаудың алдын-алу үшін барлық балаларға ұсынылады. Сабақтың ерекшелігіне қарай кезге. Тыныс алуға және басқала жаттығуларды қосуға болады.

Қиындық және спорттық ойындар

Серуенде, топта сабақтың бөлігі ретінде, барлық топтарды күнде

Ойындар баланың жас шамалық ерекшелігіне және маусымдыққа, уақытына сәйкес іріктелінеді. МДМ-де спорттық ойындарының элементтері ғана қолданылады.

Релаксация

Барлық топта кез-келген ыңғайлы бөлмеде. Педагог технологияның қарқындығын мақсатпен балалардың жағдайына байланысты анықтайды.

Табиғат үнінің, классикалық балу әуенді (Чайковский, Рахманинов) қолдануға болады.

Саусақ жаттығулары

Күнде барлық топтарда жексе-дара немесе жарты топпен

Күнде кез-келген ыңғайлы уақытта Барлық балаларға, өсіресе сөз мүкестігі бар балаларға ұсынылады

Көзге арналғаны

Көзге түскен жүктемсін қарқынына қарай күнде 3-5 мин

Педагогтың көрсетуі, көрнекілікті қолдану ұсынылады.

Тыныс алу жаттығулары

Дене тәрбие және сауықтыру жұмыстарының әртүрлі формасында

Процедураның алдында балаларға мұрын гигиенасы жөніндегі міндеттер нұсқауын беру, бөлмені желдетіп алу Обеспечить проветривание

Сергітетін жаттығулар

Күнде түскі ұйқыдан, 5-10 мин.

Өткізу түрі әртүрлі: жеруегте жатып, молынан жуыну, қабырғалы жолмен жүру, ауасы әртүрлі деңгейдегі бөлмеде жаңіл жүтіру

Дене тәрбие сабағы

Спорт немесе музыка залында аптасына екі рет

Сабақтар тобында – топ бөлмесінде, 10-15 мин. Ортағы -15-20, Ересек 20-25, Дайындық тобында -25-30 минут

МДМ-нің жұмыс істейтін бағдарламасына сәйкес желдетілген бөлмеде өткізіледі.

Мәселелі ойындар (тренингтар)

Күннің екінші жартысында немесе кез-келген бос уақытта педагогтың алдына қойған міндеттіне қарай ұйымдастырылады.

Сабақ педагогтың баланың ойын әрекетіне оған білгіртей қосылу арқылы өтеді

Тіл қатынас ойындары

Ересек тобынан бастап аптасына 1-2 рет, 30 минуттан өткізіледі.

Сабақ белгілі тірек-сызба бойынша және бірнеше бөлімдерден құрылады. Олар әңгімелесу, сызба-нұсқалар, әртүрлі деңгейдегі ойындар, сурет салу, жапысыру, т.б.

Нүктелі массаж

Ересек тобынан бастап кез-келген ыңғайлы уақытта және күзгі және көктемгі іхдеттердің алдында өткізіледі.

Тұяу ауруымен жиі ауыратын балалармен көптең түрде арнайы әдістер арқылы өткізіледі. Көрнекілік құрал қолданылады.

Арттерапия

Ортағы топтан бастап саанс бойынша 10-12 сабақ, 30-35 минут өткізіледі.

Сабақ жарты топ бойынша 10-13 аламымен өткізіледі. Диагностикалық құрал және сабақтың хаттамасы болуы керек.

Әуен эсері

Айына 1-2 рет сабақтан тыс уақытта сауықтыру-пынықтыру жұмысы ретінде өткізіледі

Басқа технологияларға көмекші ретінде: шпленісті шешу, эмоцияның жоғары кездерінде қолданылады

Ертегі терапиясы

Айына 1-2 рет

Дамыту және психологиялық жұмыстар үшін қолданылады. Ертегіне ересек немесе топтасып айтуға болады.

Түстердің эсері

Алға қойылған міндеттерге қарай айына 1-2 рет

МДМ-нің безекдірілген түстеріне ерекше назар бөлу керек. Бөлменің ішкі көріністерінің түстерін дұрыс таңдау – баланың шпленісін шешуіне және эмоциялық икемделуіне жақсы

Мінсз-құлақын түзету

Ересек тобынан бастап саанс ретінде 10-12 сабақ 25-30

Сабақ арнайы әдіс-түсілдер арқылы аз топты 6-8 баламен Ойын түрінде әртүрлі мәселелі балалармен жүргізіледі.

«Алақай» МКҚК бөбекжай-бақшасы

***Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі
ата ананың рөлі»
(баяндама)***

***Дайындаған: тәрбиеші
Ж.Тұрымбетова***

2022-2023 жыл

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішпайыл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – тұған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да:

«Ана – үйдің берекесі,

Бала үйдің – мерекесі.

Бұтағымен ағаш сымбатты,

Ұрпағымен адам қымбатты.

Бала болсаң балғындай бол.

Айналана қорғандай бол» -деген

қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен.

Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірілі мейіріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке таңытыды.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе?

Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады.

Сонғы жылдары отбасында, қоғамда ер адамдардың, әкелердің рөлі төмендегендей. Бұған кейде заманды да кінәләп жатамыз. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Кавказ халықтарында да: «Нағыз жабылы орын: қылышқа – қынабы, отқа – шырағы, ер жігітке – өз үйі» – деген тамаша нақыл сөз бар. Қазақстан Республикасы Ата Занының 27 бап, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» -делінсе, «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелеріне сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді...» деліні, ұрпақ тағдыры айтылады.

Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларының көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өіне мейрімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат.

Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан, «бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді», – деп қарау – барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан басталады, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды.

Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: «Обасы – шағын мемелеке,

Мен – президент, сен – премьер», дегені бар.

Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени-әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибиесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибиесі, өмірдегі беділі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Өз отбасында бала ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылымдарының алуы, оларды меңгеріп іс-жүзінде қолданудың ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

«Қатты тәртіп көрсек бала күнінде,

Өнермен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан, ұядан –

Өле-өлгенше соны таныр қиядан.

Өнер – білім берем десең басыннан,

Бер оқуға балаларды жасынан,

Жақсы-жаман болса, бала – соларда», – деп

Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады. Ер бала бойында болып жатқан кез келген өзгерістерді ескеріп, ата-ана баламен жүргізетін тәлімдік, тәрбиелік істерді олардың барлық қырынан зерттей, ішкі «Меніне» әсер ететіндей ешқандай іс-әрекетке бармай, жақын досындай ақыл-кеңес бере отырып жүргізуі қажет. Сонда ғана ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас оң нәтиже береді. Сондықтан да, әрдайым өзіндік педагогикалық білімді толықтырып отыру, басқа да ата-аналардың тәжірибелерінің жағымды жақтарын қолдану, мектеп пен мұғалімдермен бірігіп жұмыс істеуді қолға алу, ата-аналарға арналған өзіндік лекцияларды тыңдау, әдебиеттерді оқу керек. Бір сөзбен айтқанда, егер сіздің балаңыздың өмірде белгілі деңгейде жетістікке жетуін қаласаңыз, жеке тұлға ретінде, маман ретінде ашылуына еңбектендіре отырып, көмек беру қажет. Бұл ата-ана үшін, балалар үшін және қоғам үшін өте тиімді.

«Алақай» МКҚК бөбекжай-бақшасы

***Тақырыбы: «Егер бала тұйық болса»
(баяндама)***

***Дайындаған: тәрбиеші
М.Жайманова***

2022-2023 жыл

Тақырыбы: «Егер бала тұйық болса»

Тұйық болудың бірнеше себептері бар. Мәселен, ол мүмкін оның психологиялық ерекшелігіне, жан-дүнесінің нәзік келуі болып табылады. Егер бала тек жалғыз болғанды ұнататын бірақ берілген тапсырманы бұлжытпай орындайтын болса, үндемей өз ойын ішінде

Сақтап, сыртқа шығармаса, онда ол балаға дер кезінде көңіл бөлінуі керек. Осы кезде ата-ананың қатал болуы, дерекі сөйлеуі, ұрысуы баланың өмірге деген көзқарасының дамуына әсер етіп, одан әрі жасқаншақ болып кетуі әбден мүмкін.

Тұйық болудың ең көп кездесетіні: жанұяда жалғыз өскен балаларда кездеседі. Ағасымен апайының болмай, амалсыз үйде ойнауы бала өмірінің дамуына әсер етеді.

Сонымен қатар ата-аналардың көзқарасына да байланысты. Егер,

Ата-ана туыстарымен онша араласпай, тек жағымсыз жағын естіретіні болса, онда баланың да туыстық көзқарасы бұрыс қалыптасады. Сондықтанда ата-ана көзқарасы, ойы үлкен әсер етіп отыратыны анық.

Тұйық болуға итермелейтін тағы бір себеп: ата-аналардың іс-әрекеті.

Ата-аналардың іс-әрекеті. Сіз балаңызға көп уақытыңызды бөлесіз бе?

Егер балаңыз өз қолымен әдемі сурет салса немесе кесте тігіп, өте қуанышты көңілмен әкеліп ұсынса, ал сіз болсаңыз жай ғана көзіңіздің қырын салып қарай алдай салдыңыз делік. Бұнда өз ойыңызды қоспай, шын пейілмен мақтаса баланың алға деген ынтасы туындайды. Немесе сіз балаңыздың тек жаман қылықтарын ғана айтып, мақтамай бетіне басатын болсаңыз бала төмендеуі мүмкін.

Психологтардың айтуы бойынша тұйықтықты олардың салған суреттерінен байқауға болады. Бұл тәжірибені 4 жастан салғызудың болады.

Бала өзін ақ бетке қалай салады?

Егер ол өзін өте үлкен қылып салса, онда ол еркеліктің белгісі.


Керісінше, үйде үлкені бола тұра өзін кішкене қылып салса, онда ол өз орнын маңызды деп санамауы. Егер өзін анасынан не әкесінен алыс қылып салса, онда ол мүмкін әкешесінің көп көңіл аудармауы.

Егер ата-ананың жұмысы көп болып, балаға деген көңілінің болмауы немесе істеген ісінің жемісін көрмеуі, жақтырмай немқұрайлы қарай салу, Бала-санасында өз ісінің бәрібір қате болатынын, үлкендерге тек кедергімді тигіземін деген ой қалыптасады.

Кейбір ата-аналар баланың жағаласпауы үшін немесе уақыттарын амауы үшін тек материалдық жағын қамтамасыз етуге тырысады. Баланы тек әдемі, қызықты ойыншықтар сатып беріп, алдап отырады.

Міне, осыдан бала өз бөлмесінде тек ойыншықтармен ойнайды.

Ата-анасы үйде бола тұрса да бала олардың бар екенін елемейді. Өйткені



Олар баламен бірге емес, әркім өз ісімен шұғылданады. Осындайда ата-анаға деген сезім, махаббатта болмайды. Бала үшін өзінің қатарластарымен достасып ойнау өте маңызды. Егер бала бірден тіл табысып кетуге қысылса, оған көмектесуге тура келеді. Оны қолынан жетектеп балалардың ортасына барыңыз. Содан кейін балаңыздың атын айтып таныстырыңыз, олардың қандай ойын ойнап жатқанын, тағы бір жана қатысушы керек емеспе, соны сұраңыз. Әдетте сол балалардың арасынан жаңадан келген баланы ортаға тартатын бір бала табылады.

